



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаты
Б. Ізмұхамбетовке

2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ ДС-96

Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы!

Сіздің Қазақстанды сумен қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалыңызды қарап мынаны хабарлаймын.

Су дипломатиясын күшейту мәселесі бойынша

Қазіргі уақытта трансшекаралық өзендер бойынша іргелес елдермен ынтымақтастық қолданыстағы үкіметаралық келісімдер негізінде жүргізілуде, олардың шеңберінде трансшекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссиялар жұмыс істейді.

Су дипломатиясын күшейту жөніндегі шаралар ретінде Үкімет шектес елдермен трансшекаралық суларды басқару, пайдалану және қорғау жөніндегі бірлескен комиссияларда үкіметтік делегацияның тұрақты құрамын бекітіп оған ғылыми қоғамдастық өкілдерін қосты.

Су кеңесінің отырыстарында трансшекаралық су пайдалану саласындағы мүдделерді қорғау бойынша қажетті шоғырландырылған шешімдер әзірленеді.

Бұдан басқа, қазіргі уақытта Экология және табиғи ресурстар министрлігінде трансшекаралық су пайдалану жөніндегі келіссөздер процесінің барлық бағыттары бойынша жауапты болатын жеке бөлімше құру мәселесі пысықталуда.

Сондай-ақ ел мүддесін қорғау мақсатында келіссөздер командаларының құрамы мен құзыретін, оның ішінде Мемлекеттік басқару академиясының Дипломатия институтының әлеуетін пайдалану арқылы күшейту көзделді.

Жоғарыда аталған шаралар трансшекаралық су пайдалану саласындағы мүдделерді қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдың нақты стратегиясын құруға, сондай-ақ су дипломатиясы мамандарының тиімді корпусын қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беруге тиіс.

Жерасты суларын суару қажеттіліктеріне пайдалану мәселесі бойынша

Қазақстанда тәулігіне 43120,56 мың м³ жерасты суларының барланған және бекітілген пайдалану қорлары бар 4416 кен орны бар.

Анықтама: барланған жерасты суларының Қазақстан аумағы бойынша таралуы тым әркелкі. Минералдануы 1 г/л дейінгі Қазақстанның жерасты сулары ресурстарының жалпы көлемінің шамамен 68 %-ы Алматы, Жамбыл, Түркістан және Қызылорда облыстарында шоғырланған. Бұл ретте Батыс Қазақстан, Қостанай және Ақмола облыстары ішінара қамтамасыз етілген аудандарға, ал Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары жеткіліксіз қамтамасыз етілген аудандарға жатады.

Минералдану мақсатына қарай барланған жерасты сулары шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауда, өндірістік-техникалық сумен жабдықтауда және жерді суаруда пайдалану үшін бөлінеді.

Су заңнамасына сәйкес ауыз сумен жабдықтауға жарамды жерасты суларын пайдалануға, сумен жабдықтаудың өзге көздері болмаған және жер асты сулары ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көзі болып табылмайтын жағдайларды қоспағанда, басқа да мұқтаждықтарға жол берілмейді.

Сонымен қатар жерасты суларын суару қажеттіліктері үшін пайдалану мүмкіндігі химиялық құрамы жағынан да, қалпына келтіру көлемі жағынан да шектеулі.

Осыған байланысты жерасты суларын суару қажеттіліктеріне пайдалануды ұлғайту мәселесі белгілі бір көздің су сапасының ықтимал нашарлауы тұрғысынан қосымша зерттеуді қажет етеді.

Су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесі бойынша

Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі міндеттерінің біріне су үнемдеу технологияларын енгізу және басым дамыту үшін жағдайлар жасау жатады.

Мәселен, диқандарды заманауи су үнемдеу технологияларын қолдануға ынталандыру мақсатында субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады, ол қазіргі заманғы суару жүйелерін сатып алуға жұмсалған шығындардың 50%-ын өтеу, сондай-ақ барлық қажетті инфрақұрылымды, оның ішінде жерасты суларын алу үшін ұңғымаларды жайластыру бойынша шығындарды көздейді.

Қазіргі уақытта бұл шаралар шамамен 280 мың га аумақта су үнемдеу технологияларын енгізуге мүмкіндік берді.

Бұл ретте агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына сәйкес 750 мың гектарға дейінгі алаңда су үнемдеу технологияларын (тамшылатып суару, жаңбырлату) кезең-кезеңімен енгізу жоспарлануда.

Сондай-ақ қазіргі заманғы суару жүйелерінің өндірістерін ашу бойынша бірқатар жобалар іске асырылуда.

Жалпы елді сумен қамтамасыз ету мәселелері Үкіметтің бақылауында.

Ә. Смайылов